

Қазақстан Республикасы Судьялар одағы
Орталық кеңесінің
2025 жылғы _____
қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Төраға

_____ Д.Әмір

Судья менторлығы (тәлімгерлігі) туралы Ереже

Осы Ереже судья лауазымындағы жұмыс өтілі бір жылға жетпейтін, алғашқы тағайындалған судьялар, сондай-ақ мамандануын, өңірін ауыстырған, бала күтімі жөніндегі демалыстан шыққан не сот төрелігін іске асыру сапасын жақсарту үшін көмекке мұқтаж судьялар үшін судья менторлығын (тәлімгерлігін) жүзеге асыру тәртібін, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

1. Судья менторлығы (тәлімгерлігі) – бұл алғашқы тағайындалған не жас судьяны жаңа мамандыққа, судьялық мәдениет пен әдепке бейімдеу, судьяның әлеуметтік мәртебесін түсіну және құқықтық пайымдау өнерінде практикалық дағдыларды дамыту, істі қарау техникасы, сот процестерін жүргізу, процестік құжаттарды әзірлеу бойынша қоғамдық қызмет, сондай-ақ жұмыс істеп жүрген судьялардың кәсібилігін арттыру нысаны.

Тәлімгер - заңтану саласында жоғары кәсіби білімі, практикалық тәжірибесі бар судья, жоғары моральдық және әдеп стандарттарына жауап беретін аудандық және оған теңестірілген соттың тәжірибелі судьясы қалыптасу процесін жеделдету үшін бір жылға дейін судьялық жұмыс өтілі бар алғашқы тағайындалған судьяға бейімделу кезеңіне белгіленеді. Тәлімгер жас судьяның нақты дағдыларына, міндеттеріне және жаңа ортаға бейімделуіне назар аударады, істердің нақты санаттары бойынша білімімен бөліседі.

Ментор – заңтану саласында жоғары кәсіби білімі, практикалық судья дағдылары бар, жоғары моральдық және әдеп стандарттарына жауап беретін жоғары тұрған соттың тәжірибелі судьясы практикалық көмекке мұқтаж жаңадан тағайындалған және жас судьяларға белгіленеді. Ментор ұзақ мерзімді өзара іс-қимылды, кәсіби ғана емес, сонымен қатар жеке аспектілерді қамтитын кең тәсілдерді қолдануды қамтамасыз етеді, жас судьяны жалпы дамуға, мансаптық өсуге, көшбасшылық қасиеттерге, стратегиялық ойлауға, өмірлік тәжірибе мен практикалық дағдылармен бөлісуге, соның ішінде психологиялық жүктемені еңсеруге бағыт береді. Менторлар ретінде келісім бойынша отставкадағы судьялар да тартылуы мүмкін.

Протеже – судья лауазымына алғаш рет тағайындалған, судья ретінде бір жылдан аз жұмыс өтілі бар, менторлық (тәлімгерлік) бағдарламасына қатысатын тұлға не мамандануын, өңірін ауыстырған, бала күтімі жөніндегі демалыстан

шыққан не сот төрелігін іске асыру сапасын жақсарту үшін көмекке мұқтаж судья.

Судья менторлығы облыстық және оларға теңестірілген соттардың оқу орталықтарын оқытудың білім беру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының соттарында жүзеге асырылады.

Судья менторлығын (тәлімгерлігін) жүзеге асыру мерзімі бір жылдан үш жылға дейін құрайды.

Судья менторлығының (тәлімгерлігінің) мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

2. Судья менторлығының (тәлімгерлігінің) мақсаты жаңадан тағайындалған судьялардың біліктілігін арттыруда және судьялық дағдыларды игеруде, жоғары моральдық-әдептілік стандарттарға қол жеткізуде жас судьяларға практикалық көмек көрсету және олардың кәсіби қызметін жетілдіру болып табылады.

Сот төрағасы менторлыққа (тәлімгерлікке) тікелей басшылықты жүзеге асырады, жұмысты бірлесіп жүзеге асыру үшін жағдайлар жасайды, бейімделу кезеңінен өту кезінде практикалық көмек көрсету жөніндегі жоспарды бекітеді.

3. Аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін Ереже мынадай негізгі міндеттерді шешеді:

1) алғашқы тағайындалған судьяларды мінез-құлықтың әдептілік қағидаларын сақтауға байланысты шектеулерді өз еркімен қабылдайтын, жоғары моральдық-әдептілік стандарттарды сақтауды талап ететін, едәуір психологиялық жүктеме түсіретін қызметтің жаңа жағдайларына бейімдеу;

2) алғашқы тағайындалған судьяның адамгершілік және әдептілік бейнесін қалыптастыру;

3) тәжірибелі судьяның басшылығымен кәсіби даму үшін қажетті сот мәдениетінің практикалық білімі мен дағдыларын алу, істерді қарау техникасын меңгеру;

4) судьяның мінез-құлқының әдептілік нормаларын дамыту;

5) сот жұмысы процесінде психологиялық қолдау көрсету;

6) оқытудың қосымша нысандары мен әдістері арқылы біліктілікті үздіксіз арттыру;

7) судьялар қауымдастығын дамытуда судьяның ерекше рөлін көтеру.

4. Менторлықтың (тәлімгерліктің) негізгі қағидаттары:

1) еріктілік қағидаты - менторлық бағдарламасына ерікті қатысуға негізделген;

2) құпиялылық қағидаты – ментор мен протеже бөлісетін барлық ақпарат құпия болып табылады;

3) дербес шешім қабылдау қағидаты - ментор (тәлімгер) жас судьяның шешім қабылдау процесіне ықпал етпеуге, ол үшін шешім қабылдамауға тиіс.

Судья менторлығын ұйымдастыру

5. Менторлық (тәлімгерлік) лауазымға алғашқы тағайындалған судьяға бір жыл мерзімге белгіленеді. Заң мамандығы бойынша бұрынғы жұмыс өтілі мен кәсіптік даярлық деңгейін ескере отырып, облыстық және оған теңестірілген соттың (бұдан әрі – облыстық сот) төрағасы бұл мерзімді қосымша ұзартуы мүмкін.

6. Тағайындалған судья үшін алғашқы 6 айда сот төрағасының өкімдерімен жүктеменің 30%-ға дейін төмендеуі көзделуі мүмкін.

7. «Қазақстан Республикасы Судьялар одағы» РҚБ-ның құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі – Судьялар Одағы) және (немесе) Оқу орталықтары судья менторлығын (тәлімгерлігін) қосымша білім беру бағдарламалары ретінде облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларымен, оқу бағдарламаларының үйлестірушілерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, жүзеге асырады.

8. Өңір бойынша тәлімгерлердің, менторлардың (тәлімгерлердің) құрамы облыстық сот төрағасының өкімімен бекітіледі, жас судьяның менторды (тәлімгерді) таңдау жөніндегі тілектері ескерілуі мүмкін және аудандық және оларға теңестірілген соттардың (бұдан әрі - аудандық сот) назарына жеткізіледі. Бекітілген құрам жаңартылуы және толықтырылуы мүмкін.

Судьялар Одағының Орталық кеңесі, Судьялар Одағының филиалдары бағдарламаға әлеуетті қатысушылар үшін менторлық және тәлімгерлік институттардың мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары туралы хабардар ете отырып, соттар төрағалары мен Оқу орталықтарының көмегімен бағдарлау семинарларын өткізеді.

9. Судьялар одағы филиалының кеңесі облыстық сот судьяларының немесе отставкадағы судьялардың қатарынан осы өңір бойынша бағдарламаны ұйымдастыруға жауапты тұлғаны - Облыстық соттың судья менторлығын (тәлімгерлігін) үйлестірушіні – бұдан әрі «Үйлестіруші» айқындайды. Сонымен қатар судья менторлығының қызметін үйлестіру Судьялар одағы филиалының хатшысына не облыстық соттың оқу бағдарламаларының үйлестірушісіне жүктелуі мүмкін. Аз құрамды соттарда менторлықты (тәлімгерлікті) үйлестіру сот алқасының төрағасына жүктелуі мүмкін.

10. Судья менторлығын (тәлімгерлігін) үйлестіруші мынадай функцияларды орындайды:

1) өңірдің алғашқы тағайындалған судьяларының облыстық сот судьяларының менторлығына не аудандық сот судьяларының тәлімгерлігіне қажеттілігін талдау. Ерікті негізде қажеттілік туындаған кезде бейімделу процесінің тиімділігі үшін аудандық соттан тәлімгер және жоғары тұрған соттан ментор бір мезгілде тағайындалуы мүмкін;

2) Судьялар одағы филиалының кеңесіне, Оқу орталығына соттарда ментор (тәлімгер) және протеже жұптарын қалыптастыру процесіне жәрдемдесу;

3) жеке бағдарламаны құрастыруға жәрдем көрсету;

4) тәжірибелі судья-ментордың (тәлімгердің) және алғашқы тағайындалған судья–протеженің жаңа мамандыққа ауысу, Судья әдебі кодексін сақтауға және

т.б. мәселелер бойынша қарым-қатынасын қолдауға бағытталған білім беру іс-шараларын ұйымдастыру;

5) жеке бағдарламаларды және қызметтің кәсіби нәтижелерін талдау арқылы судья менторлығының (тәлімгерлігінің) тиімділігіне мониторингті жүзеге асыруға қатысу;

6) ұйымдастыру бойынша басқа да мәселелерді жүзеге асыру.

11. Тәлімгерлер жоғары кәсіби қасиеттерге, ұжымда беделге ие, кемінде бес жыл судьялық жұмыс өтілі, сабақ беру, тәжірибе алмасу қабілеті мен дағдылары бар аудандық және оларға теңестірілген соттардың неғұрлым тәжірибелі судьяларының қатарынан тағайындалады.

Аз құрамды аудандық соттарда тәлімгерлік жұмыс осы соттардың төрағаларына немесе аудандық соттардың отставкадағы судьяларына жүктелуі мүмкін.

12. Судьялар одағы филиалының кеңесі менторларды ерікті негізде облыстық және оған теңестірілген соттың неғұрлым тәжірибелі судьялары, осы Ереженің 1-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келетін отставкадағы судьялар қатарынан таңдайды.

Іріктеу нәтижелері бойынша жұп: ментор (тәлімгер) - протеже құрылады, оларды есепке алуды Судьялар одағы филиалының кеңесі не облыстық соттың Оқу орталығы жүзеге асырады.

13. Ментор (тәлімгер) және протеже бағдарламаны іске асыру нәтижелері туралы Судьялар одағы филиалының кеңесіне не облыстық соттың Оқу орталығына жазбаша нысанда хабарлайды.

14. Судьялар одағы филиалының кеңесі ұсынылған ақпараттың нәтижелері бойынша бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізілген жағдайларда тиісті жұпқа қатысты не осындай қызметке қажеттіліктің болмауына байланысты бағдарламаға қатысушылардың өтініші бойынша оны аяқтау туралы хаттамалық шешім қабылдайды.

Судьялар Одағының филиалы кеңесінің менторлық қызметтің қорытындылары туралы хаттамалық шешімінің көшірмесін жұмыста ескеру үшін Оқу орталығына және судьяның жеке ісіне қосу үшін тиісті кадр қызметіне жібереді.

Тәлімгер мен протеженің негізгі функциялары

15. Ментор (тәлімгер):

1) алғашқы тағайындалған судьяға сот төрелігін іске асыру процесіне араласпай жаңа мамандыққа бейімделуге, оның ішінде судья мәдениетін дамытуға көмек көрсетеді;

2) протеже жүргізген сот процестерін сот ісін жүргізудің әдеп нормалары мен қағидаттарын сақтау мәні бойынша рецензиялайды;

3) жалпы сот жүйесінің имиджін арттыру мақсатында судьяның мінез-құлқының жоғары стандарттарын көрсетеді және ілгерілетеді;

4) протеженің кәсіби деңгейін арттыруға, өз міндеттерін тиісінше орындауына қажетті жеке моральдық қасиеттерін жетілдіруге қатысады;

5) протежемен бірлесіп менторлықтың (тәлімгерліктің) жеке бағдарламасын, ішкі жұмыс құжаттарын әзірлейді, олар жоспарды орындау барысында түзетілуі мүмкін, протеженің оларды орындауын тексереді;

6) протежемен сот төрелігін іске асыру және оның Судья әдебі кодексін сақтауы кезінде туындайтын мәселелерді талқылайды;

7) жаңа кәсіптегі бейімделу бағыттарына, сот қызметінің ерекшеліктеріне қатысты оқу бағдарламаларының әлеуетті қатысушыларына арналған бағдарлау семинарларына қатысады;

8) Судьялар одағы филиалы кеңесіне бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізгеннен кейін судья менторлығын (тәлімгерлігін) мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішхат беруге құқылы.

16. Протеже:

1) ментордың (тәлімгердің) практикалық көмек көрсетуінің жеке бағдарламасын жасауға қатысады;

2) қажеттілікті ескере отырып, жеке бағдарламаны түзету туралы ұсыныстар енгізеді;

3) (менторлық) тәлімгерлік бағдарламаның тиімділігі туралы пікір береді;

4) судья менторлығын (тәлімгерлігін) жетілдіру, менторды себептерін көрсете отырып, ауыстыру туралы ұсыныстармен шығуға құқылы;

5) Судьялар одағының филиалы кеңесіне ол үшін менторлық (тәлімгерлік) қызметте қажеттілік болмаған жағдайда оны мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтінішхат беруге құқылы;

6) бағдарлау семинарларына қатысады;

7) біліктілікті арттыру курстарына және басқа да үздіксіз сот білімі, өз бетінше білім алу бағдарламаларына қатысу арқылы өзінің кәсіби деңгейін арттырады;

8) бағдарлама аяқталғаннан кейін ментормен (тәлімгермен) атқарылған жұмыс, алған білімі мен дағдылары, бағдарламаның тиімділігі туралы жазбаша есеп әзірлейді, ұсыныстар енгізеді.

Қорытынды ережелер

17. Судьялар Одағы филиалдарының кеңестері не Оқу орталығы жыл қорытындысы бойынша судья менторлығының (тәлімгерлігінің) тиімділігін талдай отырып, ментор мен протеженің жеке бағдарламаларын, есептерін, сондай-ақ қызметтің кәсіби нәтижелерін зерделеу негізінде үздік тәлімгерлердің (ментордың) оң тәжірибесін таратып, Судьялар одағына оларды көтермелеу мәселесін қоя алады.

Судья менторлығын (тәлімгерлігін) жетілдіру жөніндегі ұсыныстар Судьялар одағының орталық кеңесіне және облыстық соттың Оқу орталығына жіберіледі.

18. Судьялар Одағының Орталық кеңесі оқу жылының қорытындысы бойынша судья менторлығының (тәлімгерлігінің) нәтижелерін зерделеу

негізінде Судьялар Одағы филиалдарының ұсынысы бойынша оны жетілдіру, оң тәжірибені тарату және жұмыстардың үздік нәтижелері үшін көтермелеу жөнінде ұсынымдар әзірлейді.

19. Судьялар одағының төрағасы судья менторлығы шеңберінде өткізілген іс-шаралар туралы Сот білімі жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысында хабарлайды.